

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі

**«Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ
РМҚ**

**2017 жылға Өндіріс және тұтыну қалдықтарының
мемлекеттік кадастрын жүргізу нәтижелері бойынша
ақпараттық шолу**

2018 ЖЫЛ

Мазмұны

Кіріспе.....	4
I Тарау	
1. Жалпы мәліметтер.....	6
1.1 Өндіріс және тұтыну қалдықтары саласындағы мемлекеттік саясат.....	6
1.2 Қалдықтарды басқару саласындағы ҚР іс-шаралары	7
2. Өндіріс және тұтыну қалдықтары.....	24
2.1 Республика бойынша жалпы ақпарат.....	24
2.2 Республика полигондары бойынша статистика.....	33
2.3 Қалдықтарды өңдеу технологиясы	35
3. Медициналық қалдықтар.....	45
3.1 Жалпы ақпарат.....	45
3.2 Республика бойынша медициналық қалдықтар статистикасы.....	47
4. Жойылуы қиын органикалық ластауыштар.....	50
4.1 Жалпы ақпарат	50
4.2 Республика бойынша ЖҚОЛ статистикасы	63
II Тарау	
5. Республикада қалдықтарды басқару бойынша аймақтардағы жағдай	68
5.1 Ақмола облысы.....	68
5.2 Ақтөбе облысы.....	85
5.3 Алматы облысы.....	92
5.4 Атырау облысы	110
5.5 Шығыс Қазақстан облысы	120
5.6 Жамбыл облысы	148
5.7 Батыс Қазақстан облысы	168
5.8 Қарағанды облысы	183
5.9 Қостанай облысы	204
5.10 Қызылорда облысы	231
5.11 Маңғыстау облысы	244
5.12 Павлодар облысы.....	256
5.13 Солтүстік Қазақстан облысы.....	272
5.14 Оңтүстік Қазақстан облысы	297
5.15 Алматы қ.....	319
5.16 Астана қ.....	326
6. Қалдықтарды өңдеу секторының инвестициялық тартымсыздығы....	333
7. Табиғат пайдаланушылар санын талдау	335
8. Полигондарды талдау және қалдықтарды орналастыру	338
9. Қорытынды	341
9.1. Халықаралық тәжірибе	341
9.2. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу бойынша қорытындылар.....	351
9.3. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры бойынша жұмыстарды жетілдіруге қатысты ұсынымдарды ұсыну.....	353

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ЭК	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі
ҚР ЭМ	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
ҚР ЭМ «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік мекемесі
ҚР ДСМ	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
ҚР АШМ	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
ҚР ӘМ	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
ҚОҚ БАЖ	Қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі
ӨКЖ	Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері
ТҚҚ	Тұрмыстық қатты қалдықтар
АҚ	Акционерлік қоғам
ММ	Мемлекеттік мекеме
КММ	Коммуналдық мемлекеттік мекеме
МКК	Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
ШЖҚ МКК	Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық мекеме
МКҚК	Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын
ӨК	Өндірістік кооператив
РМК	Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ШЖҚ РМК	Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік мекеме
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 152-бабына сәйкес Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры (бұдан әрі - Қалдықтардың мемлекеттік кадастры) қалдықтарды орналастырудың әрбір объектісі (олардың кеңістіктегі орналасуын көрсете отырып) бойынша геоақпараттық жүйелер, сондай-ақ қалдықтардың түрлері, олардың шығу көздері мен физикалық-химиялық қасиеттері (халыққа және қоршаған ортаға қауіптілігі ескеріле отырып), компоненттік құрамы, сандық және сапалық көрсеткіштері, оларды сақтаудың, көму мен шығарудың техникалық, гидрогеологиялық және экологиялық шарттары, оларды пайдалану мен залалсыздандыру технологиялары негізінде жүйелендірілген, кезеңділікпен толықтырылатын және нақтыланатын бірегей мәліметтер жиынтығы болып табылады.

Қалдықтардың мемлекеттік кадастры 2016 жылы Қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылды және oos.energo.gov.kz интернет ресурсына орналастырылды.

Жүйеде республика бойынша өнеркәсіп және тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі көрініс табады.

Жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен (Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі) және ҚР ЭМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК-мен Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын жүргізу нәтижелері бойынша ақпараттық шолуды дайындау (Шолу) ұйымдастырылады.

Шолудың мақсаты – түзілген өндіріс және тұтыну қалдықтарын көму, кәдеге жарату, өңдеу және залалсыздандыру көлемін анықтау, қалдықтарды басқаруда аса ірі тиімді мемлекеттік саясат жүргізу үшін талдау ақпаратын пайдалану, 2017 жылға облыстар бойынша жинақталған, көмілген және кәдеге жаратылған өндіріс және тұтыну қалдықтарына салыстырмалы талдау жүргізу.

Бірінші тарауда өндіріс және тұтыну қалдықтары саласындағы мемлекеттік саясатпен жүргізілген іс-шаралар туралы ақпарат ұсынылады. Полигондар, қалдықтарды өңдеу технологиялары туралы статистикалық деректер ұсынылған.

Екінші тарауда әрбір аймақта қалдықтарды басқару саласында жергілікті атқарушы органдармен жүргізілген саясат сипатталады. Сонымен қатар қалдықтарды орналастыру полигондары мен табиғат пайдаланушылар санына талдау ұсынылды.

Қорытынды тарау кадастр жүргізу саласындағы халықаралық тәжірибеге арналған, Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу бойынша қорытындылар мен ұсынымдар ұсынылған.

Шолуды әзірлеуде ресми көздер – ҚОҚ БАЖ деректері, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің (energo.gov.kz) ресми сайтына орналастырылған талдау және анықтамалық ақпарат пайдаланылды.

I ТАРАУ

1. Жалпы мәліметтер

1.1 Өндіріс және тұтыну қалдықтары саласындағы мемлекеттік саясат

Қазақстан Республикасы ТҚҚ қолданыстағы проблемалары шешу үшін қажет ететін негізгі іс-шараларды айқындайтын еліміздің «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі (бұдан әрі - «Тұжырымдама») Тұжырымдамаға көшуін іске асыруда алынған курсты жалғастырады, нақты айтқанда: қалдықтарды бөлек жинауды енгізу, ҚТҚ өңдеу деңгейінің мониторингі және оның индикаторлары анықталды, инвестицияларды тартудың механизмдерін әзірлеу; қалдықтарды жинау, өңдеу және кәдеге жарату, қалдықтарды өңдеу бойынша кәсіпорынды ынталандыру

Аталған іс-шара қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаттың келесі принциптеріне сәйкес келеді: аз қалдықты және қалдықсыз технологияларды жүзеге асыру мақсатында жаңа ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдалану, қалдықтардың көлемін азайту және оларды шаруашылық айналымға тарту, халықтың денсаулығын қорғау, қоршаған табиғи ортаның қалыпты жағдайын қолдау немесе қалпына келтіру және биологиялық әртүрлілікті сақтау мақсатында қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті экономикалық реттеу әдістерін пайдалану, қалдықтардың санын азайту мақсатында материалды –шикізат ресурстарын кешенді өңдеу

Экологиялық қауіпсіздік Ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі сонымен қатар, халықаралық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осыған байланысты, Қазақстан халықаралық деңгейдегі табиғатты қорғау саласындағы барлық маңызды халықаралық экологиялық конвенцияларға қатысады.

Қазіргі уақытта Қазақстан қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және олардың жойылуын бақылау туралы Базель конвенциясына, Жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы Стокгольм конвенциясына, Халықаралық саудадағы белгілі бір қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала анықталған келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясына тарап болып табылады. Сынап туралы Минамат конвенциясын ратификациялау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

2016 жылдан бастап автомобильдер мен олардың компоненттеріне, 2017 жылдан бастап орау және электр жабдықтарына арналған өндірушілердің (импорттаушылар) кеңейтілген міндеттемелері енгізілді. Сонымен қатар, ӨКМ шеңберінде ӨКМ жататын кәсіпорындарға қалдықтарды жинау, тасымалдау және қайта өңдеу шығындарына өтемақы түрінде ынталандыру жүзеге асырылады.

2017 жылы Астана қаласында «Болашақ энергиясы» ЭКСПО – 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесі болып өтті. Өртүрлі елдермен ұсынылған технологиялар нақты осы тақырыпқа арналған.

2017 жылғы желтоқсанда Ұлттық телекөпір барысында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметке ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінде көрсетілген баламалы және жаңартылатын энергия көздері саласындағы ғылыми өнертабыстарды тәжірибе жүзінде іске асыру және пайдалану бойынша жүйелі жұмыс жасауды тапсырды. Қазақстанда оларды қолданылу ықтималдығы туралы ұсыныстар әзірлеу үшін сараптамалық жұмыс тобы құрылды. Олардың ішінде Аустрия, Германия, Нидерланд, Испания, Англия, Ресей, Канада, Венгрия, Финляндия және т.б. елдердің әзірлеушілері бар. Барлық инновациялар – мұнай, газ, көмір, атом өнеркәсібі, электрэнергетика, энергияны үнемдеу, **қалдықтарды басқару**, су тазарту, жаңартылатын энергетика, ауа сапасын бақылау және т.б. бағыттарына бөлінген.

Осылайша Қазақстан қалдықтарды кәдеге жарату саласындағы халықаралық стандарттарға сүйенуге, осы саладағы озық тәжірибені қолдану және оны әрі қарай дамытуға ниетті екендігін тағы бір мәрте растады.

1.2 Қалдықтарды басқару саласындағы ҚР іс-шаралары

Экологиялық кодекс қалдықтарды басқару жүйесімен байланысты экологиялық мәселелерді реттейтін саланың негізгі нормативті құқықтық актісі болып табылады. Кодекстің қалдықтарды басқару саласындағы оның негізгі нормаларын нақтылауды жүзеге асыратын 32 кіші заң актісі және 18 мемлекеттік стандарты бар. Қалдықтарды басқару саласы сонымен қатар «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» кодексімен, Салық кодексімен, «Кеден ісі туралы» кодексімен, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен, «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы», Жер қойнаулары мен жер қойнауларын пайдалану туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңдармен, салалық бағдарламалармен реттеледі. Жоғарыда көрсетілген нормативті актілерден басқа Қазақстан аумағында қалдықтарды басқару саласын қамтитын 4 халықаралық конвенция ратификацияланған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 750 қаулысымен бекітілген 2013-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі қабылданған Тұжырымдаманы іске асыру жалғасуда.

ҚР Президентінің 2014 жылғы 26 мамырдағы №823 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті жанынан «жасыл» экономикаға көшу бойынша кеңес құрылды. Кеңес шешімімен алға қойған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында 9 жұмыс тобы құрылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» №827 жарлығына сәйкес келесі индекстерді қамтитын 2016-2020 жылдарға арналған әрбір облыс аумағының даму бағдарламасы әзірленді:

- түзілуіне байланысты тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату үлесі;
- облыс, республикалық маңызы бар қала, елорда халқының қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметтері бойынша қамтылуы;
- экологиялық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру объектілерінің (олардың орналасу орнының жалпы санынан) үлесі
- нормативті ластауыш заттар көлемі;
- атмосфералық ауа шығарындылары, млн тонна;
- су объектілеріне шығарулар, млн тонна.

Кәсіпкерлік қызметті дамытуға арналған мемлекеттік қолдау

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №168 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2020» (Бағдарлама) бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының 1-ші қосымшасы, 38-тармағына сәйкес қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, кәдеге жарату бағдарламаның әлеуетті қатысушылары үшін экономиканың басым секторларына жатқызылған.

Бағдарламаның 94-тармағына сәйкес екінші бағытына қатысушылар экономиканың басым секторларында салаларында өз жобаларын іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлап отырған тиімді кәсіпкерлер болып табылады.

Бағдарламаның екінші бағыты шегінде банктердің қаржылық лизингі несиелері/шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, банктердің/даму банктерінің несиелері бойынша ішінара кепілдендіру түрінде, өндірістік (индустриалды) инфрақұрылымды дамыту, индустриалды аймақты құру, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру түрінде мемлекеттік қолдау шараларын қарастырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 10 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2017 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 - 2016 жылдарға арналған нысаналы трансферттер бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 957 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 337 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы № 581 Жарлығымен бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасының бірыңғай бағдарламасы бойынша жобаларды жүзеге асыруда индустриалды инфрақұрылымды қорытындылауда бағдарламамен облыс бюджеттерін,

Астана және Алматы қалаларының бюджеттерін дамытуға 8,56 млрд теңге көлемінде мақсатты трансферттер бөлінді.

Сондай-ақ аталған Жарлық шеңберінде индустриалды инфрақұрылымды дамытуға 7,7 млрд теңге бөлу қарастырылуда.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы «Салық және басқа міндетті бюджет төлемдері туралы» кодексінің 71 тарауына сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ерекше табиғат пайдалану тәртібімен қоршаған орта эмиссиялары үшін алынады. Салық салу объектісі өндіріс және тұтынудың қоршаған ортаға шығарылған қалдықтарының нақты көлемінің белгіленген эмиссия нормативтері шегінде және (немесе) асып кетуі болып табылады.

Сонымен қатар ҚР қолданыстағы ЭК қалдықтармен жұмыс істейтін саладағы кәсіпорындарға жеңілдіктер қарастырылған.

Сонымен ҚР ЭК 1-бабы, 30-1) тармақшасы мен 288-бабы, 3-1-тармағына сәйкес жобалау құжаттамасында айқындалған уақытша сақтау орындарында және мерзімдерге (бірақ алты айдан асырмай) жинап қою, қалдықтарды уақытша сақтау қалдықтарды орналастыру болып табылмайды.

Сонымен бірге ҚР ЭК 297-1-бабына сәйкес тұтыну қалдықтары, нәтижесінде қалдықтар өнім өндіру процесінде шикізатты және (немесе) басқа да материалдарды ішінара немесе толық алмастыру мақсатына қызмет ететін операциялар жасалған соң қайталама шикізат мәртебесіне ие болады. Қалдықтар саласындағы заңнаманың талаптары қайталама шикізатқа қолданылмайды. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 19 шілдедегі №322 бұйрығымен тұтыну қалдықтарын қайталама шикізатқа беру критерийлері белгіленді.

Енгізілген ӨКМ шеңберінде 2016-2017 жылдар кезеңінде 24,2 мың тонна пайдаланылған май, 27,5 мың тонна аккумулятор, 39,6 мың тонна тозған шиналар, 40,2 мың тонна қаптауыш материалдар, 4,6 мың тонна электр жабдықтары жиналды және өңделді. Өндеушілерге жүргізілген төлем мөлшері 5,2 млрд теңгені құрады. Құрамында сынабы бар шамдар мен батареяларды жинау үшін 955 млн теңгені құрайтын 2 321 бірліктегі контейнер әзірленді және 11 әкімдікке (Астана қ., Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары) берілді.

Сондай-ақ ӨКМ шеңберінде 2016-2017 жылдарға жеке және заңды тұлғалардан кәдеге жарату үшін 5,9 млрд теңгені құрайтын 39 665 автомобиль сатып алынды. Ескі машиналарды кәдеге жарату және өтемақы төлеу үшін қабылдауды халық жақсы қабылдады. Бұл бағдарлама отандық автомобиль паркін жаңартуға, аймақтардағы экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді.

Жиналған ескі автокөлік құралдары одан әрі пайдалану үшін Қарағанды қаласында іске қосылған автомобильдерді кәдеге жарату

зауытына жіберілді, (1-кезең – 2017 ж. шілдесі, 2-кезең – 2017 ж. желтоқсаны) зауыттың қуаттылығы жылына – 50 мың автомобиль.

Қалдықтардың мөлшерін азайту мақсатында бөлшек саудада пластикалық қаптарды пайдалануды тоқтату, қоғамдық тамақтану орындарындағы бір реттік пластикалық ыдыстарды қайталама орауыш материалдарымен ауыстыру, сондай-ақ экологиялық қауіпсіз, қоршаған ортада тез ыдырайтын өнімді зерттеу мәселесі қарастырылуда.

Қалдықтарды бөлек жинау ендірілген аймақтарда халыққа қалдықтарды бөлек жинауды насихаттау бойынша ақпараттық жұмыстар белсенді түрде жүргізілуде. Сонымен, мысалы Қарағанды қ. «Қарағанды қаласының ГорКомТранс» ЖШС 1,5 жылда халықпен белсенді жұмыс нәтижесінде «құрғақ» қалдықтарды бөлек жинаудан 1 млн АҚШ доллары сомасында қайталама шикізат сатылды.

Тұжырымдаманың мақсаттарына жету үшін 2019 жылдан бастап қалдықтардың белгілі бір түрлерін, оның ішінде азық-түлік өнімдерін қоқысқа тастауға тыйым салуды көздейтін табиғат қорғау заңнамасының нормаларын іске асыру бойынша шаралар қабылдау үшін аймақтарда Жол картасының келесі іс-шаралары жүргізілуде.

Ақмола облысында 2016 жылы 281,5 мың тонна, 2017 жылы – 234,0 мың тонна ТҚҚ түзілді. 2016 жылы 1,02%, 2017 жылы – 2,11% ТҚҚ сұрыпталды.

Бөлек жинау 2 кәсіпорынмен жүзеге асырылады - «LS Kokshetau» ЖШС және «ЭкоСервисБурабай». Көкшетау қаласында «LS Kokshetau» ЖШС компаниясымен 35 жабық металл контейнер құрылған, қайталама шикізаттың барлық түрін қабылдаудың екі пункті жасалған. 2017 жылы сұрыпталған қайталама шикізаттың көлемі 2,0 мың тоннаны құрады.

Щучье қ. және Бурабай қ. ТҚҚ бөлек жинау үшін 200 металл контейнер және пластик және шыны ыдыстарды жинау үшін 30 торлы контейнер қойылды. Кәсіпорынмен ТҚҚ сұрыптау бойынша транспортерлі таспаны іске қосу бойынша іске қосу мен жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 2017 жылы сұрыпталған қайталама шикізаттың көлемі 2,9 мың тоннаны құрады. Қалдықтарды бөлек жинау үшін Аршалы ауданында (қағаз, шыны, пластик) 4, Целиноград ауданында (қағаз, шыны, пластик, металл сынықтары) 21 контейнер қойылды.

ӨКМ шеңберінде 2017 жылы құрамында сынабы бар шамдар мен құралдарды жинау үшін 254 контейнер сатып алынды және қойылды.

Ақтөбе облысында 2016 жылы 348,0 мың тонна, 2017 жылы – 300,0 мың тонна ТҚҚ түзілді, оның өңделгені (сұрыптаумен қоса) 2016 жылы 1,5%, 2017 жылы – 3,51% құрайды.

Облыста ТҚҚ жинаумен, сұрыптаумен, өңдеумен айналысатын 20-ға жуық кәсіпорын жұмыс істейді. Ақтөбе қаласында макулатура үшін 33 контейнер, пластик ыдыстарды бөлек жинау үшін 409 торлы контейнер,

ӨКМ шеңберінде халықтан құрамында сынабы бар шамдар мен құралдарды жинау үшін 133 контейнер қойылды.

Облыстың ауылдық елді мекендерінде қалдықтарды бөлек жинау кезеңділікпен жүргізілуде. Сонымен Шұбарқұдық кентінде пластик және картон қалдықтарына арналған контейнерлер қойылды.

Ақтөбе қаласында 2017 жылдың мамырында «Союз Гранд» ЖШС-да қуаттылығы жылына 200 мың тоннаны құрайтын қоқыс сұрыптайтын кешен іске қосылды. Инвестиция көлемі 500 млн теңгені құрайды. Кешен облыс бойынша ТҚҚ көлемінің 40%-ын құрайтын Ақтөбе қаласының ТҚҚ қабылдау және сұрыптауды жүзеге асырады. Сұрыпталған қайталама шикізат (пластик, шыны және металл) өңдеу үшін тараптық ұйымдарға өткізіледі. Сұрыпталған пластик және полиэтилен қалдықтар кәріз люктерін өндіру үшін «Тенуса» ЖШС жіберіледі.

Алматы облысында 2016 жылы 641,5 мың тонна, 2017 жылы – 629,0 мың тонна ТҚҚ түзілді. ТҚҚ өңдеу үлесі 2016 жылы 2,15%, 2017 жылы – 24,77% құрады.

ТҚҚ жинау, сұрыптау, өңдеу бойынша қызметті жүзеге асыратын 8 кәсіпорын жұмыс істейді. Талдықорған қ. келесі үш фракция бойынша ТҚҚ бөлек жинауды (пилотты жоба) ендіру жұмыстары жүргізіледі: 25 контейнерлік алаңда бюджеттік ұйымдармен, сауда орындарымен қоса қалдықтарды бөлек жинауға арналған 100 контейнер қойылды. ӨКМ шеңберінде 2017 жылы құрамында сынабы бар шамдарды жинауға арналған 190 контейнер қойылды.

2015 жылдан бастап Талдықорған қаласында қатты және сұйық қалдықтарды өңдеу бойынша «ЭкосервисАрман» ЖШС қазақ-түрік бірлескен кәсіпорыны жұмыс істейді. Кәсіпорынның жобалық қуаттылығы – тәулігіне 50 тонна (резеңке, пластик, пайдаланылған майлар, шиналар).

2016 жылы Талдықорған қаласында «ADAL DAMU CAPITAL» ЖШС-да қуаттылығы жылына 120 мың тоннаны құрайтын қоқыс сұрыптау станциясы, сонымен қатар қайталама шикізатты өндіретін цех іске қосылды.

Іле ауданының Өтеген Батыр кентінде ТҚҚ полигон аумағында 2017 жылы 2 га ауданында қоқысты сұрыптау станциясының құрылысы аяқталды. Жобаның жылдық қауаттылығы – 200 мың тонна. Инвестиция көлемі – 180 млн теңге. Инвестор – «Таза ЖерМПК» ЖШС.

Облыстың Панфилов ауданы Жаркент қаласында 2017 жылдың мамырында «МПК Аулет» ЖШС-мен ТҚҚ өңдеу зауытында қуаттылығы жылына 10 мың тоннаны құрайтын пиролиз әдісімен сұрыптау желісі іске қосылды. Инвестиция көлемі – 150 млн теңге.

Сонымен қатар, Алматы облысында шыны ыдыстарын өңдеумен 2 кәсіпорын («САФ» ЖШС, «Алматы стекло» ЖШС), аккумуляторды өндіру арқылы пайдаланылған аккумуляторларды өңдеумен 1 кәсіпорын («Қайнар АКБ» ЖШС), қағаз және картон өнімдерін өндіру арқылы қағаз өңдеумен

1 кәсіпорын («Kagazy Recycling» ЖШС, «Нұр Қағазы» ЖШС), сонымен қатар ПЭТ гранулалар, ПЭТ флекстер, сондай-ақ, ПЭТ таспалар мен басқаларды өндіру арқылы пластик қалдықтарды өңдеумен 1 кәсіпорын («КазПэтПолимер» ЖШС) айналысады.

Атырау облысында 2016 жылы 81,7 мың тонна, 2017 жылы – 72,5 мың тонна ТҚҚ түзілді. ТҚҚ өңдеу үлесі 2016 жылы 12,52%, 2017 жылы – 44,33% құрады. Облыста ТҚҚ өңделмейді. ТҚҚ сұрыптауды жүзеге асыратын 9 кәсіпорын бар.

ТҚҚ бөлек жинау кезеңділікпен жүзеге асырылуда. Сонымен, Атырау қаласында пластик қалдықтарын жинауға арналған 80 бірлікте торлы контейнер қойылды. Қызылқоға ауданы үшін 40 бірлікте торлы контейнер сатып алынды.

ТҚҚ қабылдаумен және сұрыптаумен (пластик, макулатура, полиэтилен, шиналар, шыны, металл қалдықтары, аккумуляторлар) «Вест-Дала» ЖШС, «Элит Оперейшн» ЖШС, «Коканд» ЖШС, «Ажигалиев Ж.» ЖК, «Кайдаров А.» ЖК, «Жамангарина» ЖК, «Татишева» ЖК, «Нурғалиев К.» ЖК, «Барыс» ЖК жүзеге асырады. Қайталама шикізат тараптық ұйымдармен жүргізіледі.

Атырау қаласының ТҚҚ полигонындағы экологиялық және медициналық қалдықтарды кәдеге жарату үшін «КР-1000» және «КР-500» маркадағы инсинераторлар қойылған.

ТҚҚ полигоны арқылы қоқыс сұрыптаушы кешеннің құрылысы және Атырау қаласындағы ТҚҚ ескі полигонын қалпына келтіру жоспарлануда. Жергілікті бюджет қаржысынан 70 млн теңге және 50 га ауданға жер учаскесі бөлінді. Қазіргі таңда жобаның ЖСҚ әзірленуде. Халықаралық қаржы институттарының қаржысы есебінен жобаны қаржыландыру мәселесі қарастырылуда. Жобаны жүзеге асырудың болжамды мерзімі – 2018-2020 жылдар. Сондай-ақ жергілікті бюджет қаржысы есебінен 28 млн теңге сомасына Индер ауданында қоқыс сұрыптайтын кешен құрылысы мәселесі қарастырылуда.

Шығыс Қазақстан облысында 2016 жылы 183,4 мың тонна, 2017 жылы – 180,4 мың тонна ТҚҚ түзілді. ТҚҚ өңдеу үлесі (сұрыптаумен қоса) 2016 жылы 0,98%, 2017 жылы – 3,17% құрады. Қайталама шикізатты (картон, қағаз, полиэтилен, резеңке, пайдаланылған майлар) жинауды, сұрыптауды, өңдеуді жүзеге асыратын 10 кәсіпорын жұмыс істейді оның ішінде тек 2 компания өңдеумен айналысады. Өскеменде ТҚҚ бөлек жинау бойынша жұмыстар басталды. Өскемен қаласындағы «ЭкоВосток-Лидер» ЖК кәсіпорны қаржысы есебінен Өскемен қаласында бөлек жинауға арналған 28 контейнер (пластик, шыны, қағаз) қойылды, оның ішінде 15 алаңбаттандырылған тұрғын үй қорында. Қалған аймақтарда есептеу-дайындық жұмыстары жүргізілуде.

2020 жылға дейін ТҚҚ бөлек жинауды Өскемен, Семей, Аягөз, Зырян, Шемонаиха қалаларында енгізу жоспарлануда. Елді мекендердегі қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлерді жаңарту және толық жабдықтау бойынша мәселе қарастырылуда. ТҚҚ бөлек жинауды ендіру үшін кәсіпорындарды тарту жұмыстары жүргізілуде.

БҰҰДБ жобасы шеңберінде 2017 жылы облыстың 3 медициналық мекемесінде (Өскемен қ. «Ана мен бала орталығы» ШЖҚ КМК, Қатон-Қарағай ауданы «Орталық аудандық емхана» КМҚК, Зайсан ауданының «Орталық аудандық емхана» ШЖҚ КМК) жоғарғы қысыммен қаныққан бұмен жұқпалы медициналық қалдықтарды залалсыздандыру үшін 4 мамандандырылған автоклав, сонымен қатар залалсыздандырылған қалдықтарды деформациялау үшін қырғыштар қойылды.

2016 жылдың мамырында Семей қаласында «Хазипов» ЖК-да қуаттылығы жылына 100 мың тоннаны құрайтын қоқыс сұрыптайтын желі пайдалануға берілді. Онда қағаз, шыны, полиэтилен, металл сұрыпталады.

Өскемен және Семей қалаларында қоқыс сұрыптайтын зауыттардың құрылысын салу мәселесі пысықталуда. Өскемен қаласында ТҚҚ полигон және қоқыс сұрыптайтын зауыт құрылысы үшін жер учаскесі (30 га) бөлінді.

Жамбыл облысында 2016 жылы 60,2 мың тонна, 2017 жылы – 74,9 мың тонна ТҚҚ түзілді. ТҚҚ өңдеу үлесі (сұрыптаумен қоса) 2016 жылы 0,6%, 2017 жылы – 3,47% құрады. ТҚҚ бөлек жинау кезеңділікпен енгізілуде. Тараз қаласында «Есо Control» ЖШС-мен полиэтилен, пластик, шыны қалдықтарын бөлек жинау үшін 250 торлы контейнер қойылды және тағы 350 ұқсас контейнер қою жоспарлануда. Құрамында сынабы бар шамдар мен құралдарды қабылдау және сынаптан арылту бойынша «Алди и К» ЖШС кәсіпорыны құрылды, оның ішінде – 30 Тараз қаласында. «Технодом» компаниясының сауда үйлерінде электр жабдықтарды орналастыру үшін эcobокстар құру жоспарлануда.

Тараз қаласында пластмасса, полиэтилен, шыны, қағаз, пайдаланылған майлар, электр жабдықтары қалдықтарын өңдеумен 7 кәсіпорын («Шахристан» ЖК, «Долина» ЖК, «Хастал оглы П.М.» ЖК және «Таразтехноресурс» ЖШС) айналысады. Облыстың Байзақ ауданында «Алди и К» ЖШС макулатура, шыны және полиэтилен қалдықтарын жинаумен және медициналық қалдықтар мен құрамында сынабы бар шамдар қалдықтарын кәдеге жаратумен айналысады. «SaTa Элит Азия» компаниясы қалалық ТҚҚ полигоны аумағында қайталама шикізатты нығыздаумен сұрыптау станциясын орнату бойынша жобаны жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыруда. ПЭТ қалдықтарын әрі қарай өңдеу үшін қайталама шикізатты ұсақтау бойынша зауыт құрылысы жоспарлануда. Инвестицияның болжамды сомасы 79,0 млн теңге.

Тараз қаласының әкімдігі мен «VecoPolyEnergy» польша компаниясы арасында «Redwave Waste GmbH» неміс компаниясының технологиясы

бойынша ТҚҚ кешенді өңдейтін зауыттың құрылысы туралы шарт жасалды. Жобада биогаз өндірумен бұрын полигондар мен үйінділерде көмілген ТҚҚ өңдеу жоспарлануда. Зауыттың жобалық қуаттылығы – жылына 150 мың тонна, қалдықтарды өңдеу тереңдігі - 98 %. Инвесторлар – Банк «QKB» (Аустрия), «Invest Corporation OPIC» (АҚШ).

Жамбыл облысының Т.Рысқұлов ауданындағы «Луговской конный завод» ЖШС биогаз өндіру арқылы жануарлардың (шошқа нәжісі) қалдықтарын өңдеуді жүзеге асырады. Өңдеудің жобалық қуаттылығы – тәулігіне 1,3 мың м³ қалдық. Өндірілген биогаз өндірістік мақсатта қолданылады.

Батыс Қазақстан облысында 2016 жылы 108,9 мың тонна, 2017 жылы – 105,0 мың тонна ТҚҚ түзілді, оның ішінде сұрыпталғаны және өңделгені 2016 жылы 1,6%, 2017 жылы – 2,17% құрады. ТҚҚ бөлек жинау кезеңділікпен жүргізілуде. Қалалар мен аудан орталықтарында картон, қағаз, пластик, шина қалдықтарын қабылдау бекеттері ұйымдастырылған.

Сонымен, Орал қаласы бойынша «Гамма Реал» ЖШС-мен пластик шөлмектерді жинау үшін 767 контейнер, облыстың 12 ауданында қалдықтарды бөлек жинау үшін – 317 контейнер (Теректі ауданында пластик, полиэтилен, макулатура, картон және қағаз қалдықтары, шыны сынықтары үшін – 120 контейнер; Бөкейорда ауданында пластик, пластмасса, макулатура, картон және қағаз қалдықтары үшін – 63 контейнер; Тасқала ауданында пластик, пластмасса, макулатура, картон және қағаз қалдықтары, шыны сынықтары үшін – 10 контейнер; Қаратөбе ауданында пластик және полиэтилен үшін – 23 контейнер; Казталов ауданында пластик үшін – 34, Шыңғырлау ауданында пластик үшін – 20, Зеленов ауданында пластик үшін – 14, Бөрлі ауданында пластик үшін – 13, Сырым ауданында пластик үшін – 10, Ақжайық ауданында пластик үшін – 7, Жанғалы ауданында пластик үшін – 3 контейнер) қойылған.

Бюджеттік ұйымдармен, сауда орындарымен қоса макулатура, картон және қағаз қалдықтарын жинау ұйымдастырылды. ӨКМ шеңберінде құрамында сынабы бар шамдар мен құралдарды жинау үшін 54 контейнер, оның ішінде 27-сі Орал қаласына, 27-сі облыстың аудан орталықтарына қойылды.

Облыс аумағында ТҚҚ бөлек жинаумен, сұрыптаумен және өңдеумен айналысатын 12 кәсіпорын бар. Сонымен «Губер» ЖК шиналарды, резеңкелерді жинаумен, өңдеумен және спорттық және балалардың ойын алаңдарының төсемдерін дайындаумен айналысады. «Глухова» ЖК, «Кукова» ЖК, «Борисов» ЖК қағаз, картон, пластик қалдықтарын жинаумен және тақтайшалар, брусчатка, пластик люктер өндірумен айналысады. «Усенова» ЖК дәретхана қағаздарын, майлықтар шығарады.

Қарағанды облысында 2016 жылы 649,3 мың тонна, 2017 жылы – 654,6 мың тонна ТҚҚ түзілді, оның ішінде сұрыпталғаны және өңделгені 2016 жылы 4,9%, 2017 жылы – 13,96% құрады.

ТҚҚ жинаумен, сұрыптаумен, өңдеумен 6 кәсіпорын айналысады. ТҚҚ бөлек жинау ендірілуде. Сонымен Қарағанды қаласында «Қарағанды қаласының ГорКомТранс» ЖШС-мен 2016 жылы 290, 2017 жылы – 210 пластик шөлмектерді жинауға арналған торлы контейнер қойылды. «ТТК» ЖШС-мен Теміртау қаласында «құрғақ» қалдықтарды (пластик, макулатура, картон, қағаз, шыны, полиэтилен, металдар) бөлек жинау үшін 370 контейнер және Қарағанды қ. Октябрь ауданында 50 контейнер қойылды. «ТТК» ЖШС-мен Теміртау қ. жақын жылдары ТҚҚ жинау үшін жер асты контейнерлерін қою мәселесі қарастырылады.

«Ресайклинг» компаниясы тобымен Қарағанды қ. «құрғақ» қалдықтарды бөлек жинау үшін 3 м³ сыйымдылығымен 150 контейнер қойылды.

«Вторсырьё Караганда» ЖШС Қарағанды қаласының ірі сауда орталықтарынан пластик, макулатура, картон жинауды жүзеге асырады.

2013 жылдан бастап «Қарағанды қаласының ГорКомТранс» ЖШС қоқыс сұрыптаушы кешені сыйымдылығы жылына 100 мың тонна қуаттылығы бар жылына 600 тонна пластикалық бөтелкелерді қайта өңдеу (ұнтақтау) желісінде жұмыс істейді. 2014 жылдан бастап Теміртау қаласында «ТТК» ЖШС-мен қуаттылығы 30,0 мың тоннаны құрайтын қалдықтарды сұрыптау желісі пайдалануға берілді.

«Ресайклинг» ЖШС гранулалар өндіру арқылы (ПЭТ қалдықтардан басқа) пластиктің барлық түрлерін өңдеуді жүзеге асырады. 2018 жылдың бірінші жарты жылдығында ТҚҚ кәдеге жаратылмайтын «сақтағыш» қалдықтарын сонымен қатар, биологиялық қалдықтарды өртеу бойынша жабдықтарды пайдалануды жүзеге асыру жоспарлануда. Жабдықтардың қуаттылығы күніне – 100 тонна сақтағыш.

2017 жылы (маусымда – бірінші кезең, желтоқсанда – екінші кезең) істен шыққан автокөлік құралдарын (ІШАҚ) толық циклде пайдалану бойынша зауыт іске қосылды. Зауытта ІШАҚ шредирлеу және терең (98%-ға дейін) өңдеу жүзеге асырылады. Зауыттың қуаттылығы жылына 50 мың ІШАҚ.

2017-2019 жылдарға Жезқазған қаласының даму жоспары шеңберінде Жезқазған қаласында қоқыс сұрыптайтын бекет құрылысын салу (концессия әзірлеу 2018 жыл, зауыт құрылысы – 2019 жыл) жоспарланды.

«Қарағанды қаласының ГорКомТранс» ЖШС-мен мемлекеттік-жеке серіктестік шеңберінде оған Қарағанды, Абай, Сарань, Шахтинск, Теміртау қалаларының қалдықтарын орналастыру үшін ТҚҚ полигондарымен қоқыс сұрыптайтын зауыт құрылысын салу жоспарлануда.

Аталған жоба бойынша «Қарағанды облысының тұрмыстық қатты қалдықтарын басқарудың жүйесін жаңарту» тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда жаңа полигон құрылысының жұмыс жобасы сараптамадан өткізілуде. Жобаны жүзеге асыруда 882,3 млн теңгені инвестициялау («Қарағанды қаласының ГорКомТранс» ЖШС меншік қаражаты) жоспарлануда. Өңдеу көлемі жылына – 120 мың тонна, өңдеу тереңдігі - 50%.

Қостанай облысында 2016 жылы 454,0 мың тонна, 2017 жылы – 435,0 мың тонна ТҚҚ түзілді. ТҚҚ өңдеу үлесі (сұрыптаумен қоса) 2016 жылы 0,1%, 2017 жылы – 0,93% құрады.

ТҚҚ жинаумен, сұрыптаумен, өңдеумен 14 кәсіпорын айналысады. 2017 жылы Қостанай қаласында ТҚҚ бөлек жинауға арналған 450 арнайы контейнер қойылды. 2016 жылдың ақпанынан бастап Қостанай, Рудный, Жетіқара және Қостанай ауданының Затобыл кентінде пластик, қағаз, шыны, және жез қалбырларды бөлек жинау жүйесі жемісті жұмыс істеуде.

2016 жылдың ақпанынан бастап бөлек жинауды «Атамекен 4 плюс» ЖШС сияқты кәсіпорындар (Қостанай қ., Рудный қ., Затобыл к.) және «Соцсервис» ЖШС (Жетіқара қ.) жүзеге асырады. Пластик қалдықтарды (ПП, ТҚП, ПЭТ шөлмектер) жинау үшін көлемі 2,5 куб. метрді құрайтын торлы контейнерлер және қағаз, пластик, шыны және қалайы қалбырларды жинау үшін экобактар қойылған. Қойылған контейнерлердің жалпы саны 1256 бірлікті (Қостанай қаласында пластик, қағаз, картон, шыны, қалайы қалбырлар үшін – 1 007 контейнер; Жетіқара қ. пластик, алюминий қалбырлар, шыны үшін – 49 контейнер; Рудный қ. – қағаз, пластик, алюминий қалбырлар, шыны үшін 152 контейнер; Қостанай ауданында пластик үшін - 45, Ұзынкөл ауданында пластик үшін – 3 және Алтынсарин ауданында пластик үшін - 8 контейнер) құрайды. ӨКМ шеңберінде 2017 жылы халықтан құрамында сынабы бар шамдар мен құралдарды жинау үшін 145 контейнер сатып алынды. Контейнерлер облыс қалалары мен аудан орталықтарында қойылды.

Қостанай қаласында «Атамекен 4 плюс» ЖШС мобилді сұрыптау желісі қойылған. Күн сайын 40 тонна сұрыпталады. ТҚҚ сұрыптау көлемін ұлғайту жоспарлануда. Лисаковск, Жетіқара, Қостанай қалалары мен Қостанай (Затобыл к.) және Фёдоров (Фёдоровка а.) аудандарында ТҚҚ полигондарында қолмен сұрыптау жүргізіледі.

«S.M.F. – System» тоқылмаған мата фабрикасы» ЖШС «Dortex», сауда маркасының геотоқымасын, геокомпозитін, геоторын сонымен қатар, пластик қалдықтарынан холофайбер және синтепон өндіреді. Өндірілген материалдар нарықта сұранысқа және құрылыстың әртүрлі объектілері мен жеңіл өнеркәсіп құралдарында кең қолданысқа ие болып отыр.

Облыстың Қарасу ауданындағы «Қараман-К» ЖШС мал шаруашылық фермасының аумағында 2015 жылдың тамызынан бастап жануарлар қалдықтарын биогазға өңдеу бойынша кешен жұмыс істейді. Кешеннің

куаттылығы 0,3 МВт. Жоба кәсіпорынның меншік қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Қызылорда облысында 2016 жылы 145,0 мың тонна, 2017 жылы – 148,0 мың тонна ТҚҚ түзілді. ТҚҚ өңдеу үлесі (сұрыптаумен қоса) 2016 жылы 3,45%, 2017 жылы – 8,13% құрады.

Облыста қалдықтардың кейбір түрлерін жинаумен және өңдеумен 5 кәсіпорын айналысады. Тротуар тақтайшаларын, жабынқыштарды («Ибрайхан және К-ЛТД» ЖШС), тозған автомобиль шиналарынан тамшылатып суару, шлангілерін («Smart Rubber» ЖШС), резеңке үгінділерін («ТемирЖас-Груп» ЖШС) шығаруға полимер қалдықтары дайындалады. Құрамында сынабы бар шамдар мен құралдарды жинаумен және кәдеге жаратумен «ЭКО-Н Сервис» ЖШС жүзеге асырылады. «Шагирова» ЖК пластик және пластмасса қалдықтарын жинауды және оны Өзбекстанға шығаруды жүзеге асырады.

Облыс бойынша халықтан құрамында сынабы бар шамдарды жинау үшін 2015 жылы БҰҰДБ жобасы (24 бірл) мен 2017 жылы ӨКМ шеңберінде (850 бірл.) 874 контейнер сатып алынды. Оның ішінде Қызылорда қаласында 155, аудан орталықтарында 720 контейнер қойылды.

2017 жылы Қызылорда қ. бойынша 1,1 мың тонна пайдаланылған шина, 1,8 тонна аккумулятор батареясы, 1,0 металл сынықтары және 1,0 тонна пайдаланылған майлар жиналды. Облыс аудандарында қайталама шикізатты жинау жүргізілмейді. Облыста қалдықтарды сұрыптау жүргізілмейді.

Маңғыстау облысында 2016 жылы 151,8 мың тонна, 2017 жылы – 190,1 мың тонна ТҚҚ түзілді, оның ішінде сұрыпталғаны және өңделгені 2016 жылы 8,7%, 2017 жылы – 6,49% құрады.

Облыста ТҚҚ жинау, сұрыптау және өңдеу бойынша 3 кәсіпорын жұмыс істейді. Түзілу көзінен ТҚҚ бөлек жинау кезеңділікпен ендірілуде. Сонымен Ақтау қаласында «IT ProfService» ЖШС-мен пластик ыдыстарға арналған 45 торлы контейнер қойылды, 120-сын қою жоспарлануда. Сондай-ақ макулатура, картон және қағаз қалдықтарын бөлек жинау үшін контейнерлер қою жоспарлануда.

«Eco Waste Ақтау» ЖШС-мен 2017 жылдың қарашасынан бастап қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер қою бойынша жұмыстар жүргізілуде. Пластик және макулатура жинау үшін 6 контейнер қойылды, сауда орталықтарымен шарттар жасалды. Қайталама шикізат әрі қарай өңдеу үшін Алматы облысына («Kagazy Recycling» ЖШС) жіберіледі. 2018 жылы Ақтау қ. қайталама шикізатты (пластик, полиэтилен, макулатура, картон, қағаз, шыны, металл) қабылдау бекеттерін ұйымдастыру жоспарлануда.

2017 жылы ӨКМ шеңберінде халықтан құрамында сынабы бар шамдарды жинау үшін 40 контейнер сатып алынды және қойылды, оның ішінде 27 Ақтау қаласына қойылды.

Сондай-ақ облыс әкімдігімен қаланың барлық қоқыс алаңдарын торлы контейнерлермен қамтамасыз ету жоспарлануда. 2018-2020 жылдарға аудандар мен қалалардың бюджеттерінде контейнерлер мен арнайы техникаларды сатып алуға 40,0 млн теңге шығындар қарастырылған. 2020 жылдың соңына дейін 25,5 мың контейнер қою жоспарлануда.

2015 жылы Жаңаөзен қаласында жылына қуаттылығы 50,0 мың тоннаны құрайтын қоқыс сұрыптайтын кешен пайдалануға берілді. Комбинаттың жалпы ауданы – 22 га. Зауытта пластик қалдықтарын өңдеу жолымен кеспе (брусчатка) мен кәріз люктері шығарылады. Кешен құрамында жобалық қуаттылығы 2 241,675 мың м³ құрайтын ТҚҚ полигоны бар.

Ақтау қаласында «Каспий Оперейтинг» ЖШС қоқыс сұрыптайтын компания қуаттылығы 30 мың тоннадан астам қоқыс сұрыптайтын желі бойынша құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Қолданыстағы ТҚҚ полигон ауданында жер учаскесі рәсімделді. Қазіргі таңда жабдықтарды сатып алу және құру жұмыстары жүргізілуде.

Павлодар облысында 2016 жылы 647,5 мың тонна, 2017 жылы – 426,6 мың тонна ТҚҚ түзілді. ТҚҚ өңдеу үлесі (сұрыптаумен қоса) 2016 жылы 2,7%, 2017 жылы – 0,23% құрады.

ӨКМ шеңберінде құрамында сынабы бар шамдар мен құралдарды бөлек жинау үшін 200 контейнер қойылды, қалдықтардың басқа түрлерін бөлек жинау жүргізілмейді. Павлодар қаласының әкімдігі «Спецмашин» ЖШС-мен бірлесіп Павлодар қ. тұрғындарына бөлек жинауды ендіру мәселесін пысықтауда. Қоқыс алаңдары аумағында «кұрғақ» қоқыс (қағаз, пластик, қалайы қалбырлар және т.б.) үшін жеке контейнерлер қою жоспарлануда.

Аумақта ТҚҚ жинау, сұрыптау және өңдеу бойынша 14 кәсіпорын жұмыс істейді. Павлодар қаласында макулатурадан рулон, жаппа материалдар мен картонды-қағаз құралдарын өндіру жүзеге асырылады.

Облыс әкімдігімен павлодар қаласында ТҚҚ сұрыптау және өңдеу бойынша зауытының құрылысына ТЭН әзірленуде. Жоба шеңберінде жоғары калориялы газ, сұйық отын, кокс, минералды тұздар (тыңайтқыштар) өндіру арқылы ТҚҚ сұрыптау және терең өңдеу жоспарлануда. Болжамды қуаттылығы жылына – 50,0 мың тонна. Жоба жеке инвестор - «Schneider & Danzey Fzc» неміс компаниясы есебінен жүзеге асырылады.

Павлодар қаласының әкімдігі мен «ATENA Environment Management» ЖШС арасында Павлодар облысы аумағында ТҚҚ өңдеу бойынша зауыт құрылысы инвестициялық жобасын жүзеге асыру туралы меморандумға қол қойылды.

ATENA Environment Management ЖШС-мен бизнес жоспар әзірленді және ТҚҚ өңдеу технологиясын анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар қазіргі таңда қалдықтарды био отынға өңдеу бойынша

«СибИнвестГруп» ЖШҚ-ның әлеуетті инвесторларымен келіссөздер жүргізілуде.

Екібастұз қаласында «Экибастузкоммунсервис» ЖШС ТҚҚ полигоны аумағында 2018 жылдың қарашасына дейін сұрыптау желісін қою жоспарлануда.

Солтүстік Қазақстан облысында 2016 жылы 387,0 мың тонна, 2017 жылы – 182,5 мың тонна ТҚҚ түзілді. ТҚҚ сұрыптау және өңдеу 2016 жылы 3,0%, 2017 жылы – 3,59% құрады.

Облыста ТҚҚ жинау, сұрыптау және өңдеу бойынша 13 кәсіпорын жұмыс істейді. ТҚҚ бөлек жинау ендірілуде. Сонымен Петропавл қаласында «Вторсырьё» ЖШС қалдықтарды жинау үшін 350 контейнер (ПЭТ-ыдыстар, алюминий қалбырлар, макулатура, полиэтилен қаптауыш қалдықтары, шыны қалдықтары, пластмассаның әртүрлі түрі, оргтехника) қойылды.

Қайталама шикізатты: макулатура, пластик, шыны және пайдаланылған тұрмыстық техниканы қабылдау бекеттері салынды. «Технодом» компаниясының сауда үйлерінде электр жабдықтарды орналастыру үшін эcobокстар құру жоспарлануда. 2017 жылы ӨКМ шеңберінде құрамында сынабы бар шамдар мен батереяларды жинау үшін 79 контейнер сатып алынды.

2017 жылдың қаңтарында Петропавл қаласында «Вторсырьё» ЖШС-мен қоқыс сұрыптайтын кешені іске қосылды, жылына сұрыптау көлемі 20 мың тоннаны құрайды. Қоқыс сұрыптайтын кешен қалдықтарды қатты және жұмсақ пластиктерге, металға, қағазға, шыныға, ағашқа сұрыптайды, содан кейін өңдеу үшін тараптық ұйымдарға жіберіледі. Жоба жеке инвестициялар және «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

2012 жылдан бастан Петропавл қаласында «Жуков С.И.» ЖК қайталама полимерлерді өңдеу бойынша цех жұмыс істейді. Полимерлерді өңдеу бойынша өндіріс қуаттылығы жылына – 200-240 тонна. Кәсіпорын полиэтилен тауарларын (термошөгімді үлдір, қаптама орамасы, логотипі бар қаптар, кірден қорғайтын еден жабыны, шөлмек қалпақшалары) өндіреді. Кәсіпорын өнімдері Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары аумағына өткізіледі.

2017 жылы өнеркәсіп және медицина қалдықтарының барлық түрлерін кәдеге жарату және залалсыздандыруды жүзеге асыратын «Промотход Казахстан» ЖШС кәсіпорыны пайдалануға берілді. Кәсіпорын қалдықтарының қуаттылығы жылына 10 мың тоннаны құрайды.

Облыстың Қызылжар ауданы Бескөл ауылында «Радуга» ЖШС-да қайталама полимерлерді өңдеу және пластмасса өнімдерін өндіру бойынша цех жұмыс істейді. Полимерлер өндіру мен өңдеу бойынша өндіріс қуаттылығы жылына – 400-500 тоннаны құрайды. Кәсіпорынның өнімдері (шелектер, легендер, бактар, төсеніштер, ілгіштер, күректер және т.б.)

Қазақстанның көптеген қалаларында (Петропавл, Көкшетау, Астана, Қарағанды, Алматы, Шымкент, Семей, Өскемен, Екібастұз, Қостанай, Павлодар) сатылады. Кәсіпорын сонымен қатар полиэтилен үлдірлерін, полиэтилен құбырларын шығарумен айналысады. «Радуга» ЖШС полиэтиленді өңдеу бойынша қосымша 6 желіні құруды жоспарлайды.

2015 жылдан бастап «БиоТЭС» ЖШС-мен Қызылжар ауданының Якорь ауылында құс шаруашылығы қалдықтарымен жұмыс істейтін, қуаттылығы 1 МВт болатын биогаз қондырғысы құрылысының жобасы жүзеге асырылуда. Жылына 6 млн КВтс электр энергиясын, 9,5 мың м³ дейін және тәулігіне 40 тоннаға дейін биогаз және тыңайтқыш шығарады деп күтілуде.

«Вторпластполимер» ЖШС ПЭТ қалдықтарынан синтетикалық талшықтар алу бойынша қондырғыны орнатуда.

Сондай-ақ, облыс әкімдігімен қалдықтарды өңдеу арқылы электр энергиясын алу бойынша жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі туралы «Kaiko International» фин компаниясының өкілдерімен келіссөздер жүргізілуде.

Оңтүстік Қазақстан облысында 2016 жылы 220,0 мың тонна, 2017 жылы – 311,6 мың тонна ТҚҚ түзілді. ТҚҚ өңдеу үлесі (сұрыптаумен қоса) 2016 жылы 3,0%, 2017 жылы – 3,48% құрады.

ТҚҚ жинау, сұрыптау және өңдеу бойынша 7 кәсіпорын жұмыс істейді. ТҚҚ бөлек жинауды ендіру үшін арнайы контейнерлерді қою мәселелері пысықталды. Бүгінде Шымкент қаласында пластик қалдықтарды бөлек жинау үшін 70 торлы контейнер қойылды. Құрамында сынабы бар шамдар мен құралдарды жинау үшін 2049 контейнер, пластик және полиэтилен қалдықтарын жинау үшін – 100 контейнер қойылды.

Облыс аудандарында ТҚҚ бөлек жинауды ендіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен Түркістан қаласында және Мақтаарал ауданының Жетісай қаласындағы контейнерлік алаңдарда пластик жинауға арналған 16 торлы контейнер қойылды.

2015 жылы Шымкент қаласында «Технологии 21» ЖШС-мен қалдықтарды өңдеу бойынша кешен іске қосылды. Қаржылық проблемаларға байланысты зауыт қызметі тоқтатылды. 2017 жылы зауыт жұмысы қайтадан жандана бастады, нәтижесінде 2017 жылы 157 тонна ТҚҚ қабылданды, оның 9 %-ы сұрыпталды.

Түркістан қаласында «Ахметов» ЖК полиэтилен, қағаз және картон қалдықтарын жинауды және сұрыптауды жүзеге асырады. Қайталама шикізат тараптық ұйымдармен жүзеге асырылады. 2016 жылдың маусымында қала әкімдігі мен «VescoPolyEnergy» компаниясы арасында ТҚҚ сұрыптау және өңдеу бойынша зауыт құрылысын салуға меморандум жасалды. Жобаны жүзеге асыру МЖК шеңберінде қарастырылады. Қазіргі таңда жоба ТЭН үшін алдын ала есептер жасалуда. Жобаны жүзеге асырудың жоспарланған мерзімі – 2020 жыл.

2016 жылдан бастап Кентау қаласында «Булегенов» ЖК ТҚҚ полигонында пластик, пластмасса, полиэтилен, қағаз қалдықтарын сұрыптауды жүзеге асырады. Пластик қалдықтары түйіршіктерге айналады. Қалған қайталама шикізат тараптық ұйымдарға өткізіледі.

Мақтарал ауданының ТҚҚ полигоны аумағында қалдықтарды нығыздау жабдығы орнатылған. Пластик қалдықтары қолмен сұрыпталады. Нығыздалған қайталама шикізат тараптық ұйымдарға өткізіледі.

Түлкібас ауданында ТҚҚ сұрыптауды «Омарбеков А.А.» ЖК жүзеге асырады. Леңгір қаласында ТҚҚ сұрыптаумен «Жанаев» ЖК айналысады. Сарыағаш ауданында ТҚҚ полигоны аумағында қоқыс сұрыптайтын жабдықты орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Шымкент қаласында «Green Tehnology Industries» ЖШС ПЭТ қалдықтарын қайта өңдеу бойынша штапельді талшықтарды өндіру зауыты құрылысын аяқтауда. Кәсіпорынның жоспарланған қуаттылығы – жылына 100 тонна ПЭТ-қалдықтары.

Сонымен қатар Шымкент қаласының экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында облыс әкімдігі мен «Schneider and Danzey FZC» компаниясының өкілдері арасында қалдықтарды өңдеу арқылы энергия өндіру бойынша құрылыс мәселесіне қатысты келіссөздер жүргізілуде.

Астана қаласы аумағында 2016 жылы 394,9 мың тонна, 2017 жылы – 345,4 мың тонна ТҚҚ түзілді. ТҚҚ өңдеу үлесі (сұрыптаумен қоса) 2016 жылы 7,0%, 2017 жылы – 8,33% құрады.

2017 жылы пластмасса қалдықтарын жеке жинауға арналған 686 контейнер, құрамында сынабы бар пайдаланылған шамдарды жинауға арналған 670 контейнер, жеке үй шаруашылықтарынан күл және шлак қалдықтарды жинауға арналған 300 контейнер орнатылған, мамандандырылған электронды-тұрмыстық өнімдердің сауда орталықтарында электронды қалдықтарды жинау ұйымдастырылған.

Астана қаласында 2012 жылдан бастап «KazRecycleService» ЖШС қоқыс сұрыптайтын кешен жұмыс істейді. Жобалық қуаттылығы жылына 250 мың тоннаны құрайды. Кешенде органикалық қалдықтарды, қара металл сынықтарын автоматты түрде бөліп тұратын және қайталама шикізатты (ПЭТ шөлмектерін (полиэтилентерефталат), ПЭ (полиэтилен), қалдықтарды, түсті және қара металл сынықтары, шыны және т.б.) қолмен бөліп тұратын 2 желі бар. Зауытта қалдықтар сұрыптаудан (пластик, қағаз, картон, шыны, металл және т.б.) өтеді. 2017 жылдың тамызында ҚСК-де кәдеге жаратылмаған фракцияны өңдеуге арналған пиролизді қондырғының 6 реакторы қолданысқа берілді ал, 2017 жылдың қыркүйегінде ҚСК-де пластик және қағаз өңдеу бойынша цехтарды қолданысқа берілді, бұл қалдықтарды өңдеу тереңдігін 8%-дан 15%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қала әкімдігімен Астана қаласында қалдықтарды жинау, шығару, өңдеу және көму сондай-ақ білім беру орындарында азаматтардың, сонымен қатар

мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық сана-сезімін қалыптастыруға бағытталған насихатты жүргізу арқылы бірыңғай оператор құруды көздейтін қалдықтарды басқару бағдарламасы әзірленді.

Бағдарламаны жүзеге асыру 2 кезеңнен тұрады:

1-ші кезең - 2017 жылы тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу тереңдігін 15% -ға дейін (ТҚҚ пиролиз технологиясы) жеткізе отырып, қосымша технологияларды енгізу арқылы қолданыстағы қалдықтарды қайта өңдеу кешенін жаңғыртуды көздейді;

2-ші кезең – 2019 жылға қарай органикалық қалдықтарды анаэробты қорыту және көму полигонын қайта өңдеу арқылы қалдықтарды қайта өңдеу тереңдігін 75% -ға дейін арттыру. Қалған қалдықтардың 25%-ы полигонда (күл, құм, кәдеге жаратылмаған фракция) көміледі.

Алматы қаласы аумағында 2016 жылы 646,0 мың тонна, 2017 жылы – 600,0 мың тонна ТҚҚ түзілді. ТҚҚ өңдеу үлесі (сұрыптаумен қоса) 2016 жылы 1,83%, 2017 жылы – 10,01% құрады.

ТҚҚ қалдықтарын сұрыптау, өңдеу қызметін жүзеге асыратын 13 кәсіпорын бар. 2016 жылы жергілікті бюджет қаржысы есебінен ТҚҚ жинауға арналған 3500, 2017 жылы – 2450 контейнер сатып алынды. Сонымен қатар, «Тәртіп» АҚ қоқыс шығаратын ұйымның өз қаражаты есебінен еуроконтейнерлермен жұмыс үшін арнайы техниканың 20 бірлігі, 2017 жылы 30 бірлігі сатып алынды.

Қазіргі таңда Алматы қаласында қалдықтарды өңдеу және кәдеге жаратумен 40 кәсіпорын айналысады. «Сынап Плюс» ЖШС және «Алматыэкологострой» ШЖҚ МКК құрамында сынабы бар энергияны үнемдейтін шамдар мен құралдарды жинауды және кәдеге жаратуды жүзеге асырады.

«Zeta» ЖШС пластик қалдықтарын өңдеу жолымен халықтың тұтыну тауарларын (легендер, шелектер, күректер, орындықтар, ілгіштер, қоқыс салуға арналған қапшықтар және т.б.) өндіреді.

Қалада қалдықтардың басқа түрлерін бөлек жинау жүзеге асырылмайды. Аталған мәселе бойынша шағын және орта бизнеспен ынтымақтастық сұлбалары әзірленуде. Пластик қалдықтарын жинауды ұйымдастыру бойынша «Vitan-Max» ЖШС-мен келіссөздер жүргізілуде.

2017 жылдың шілдесінде «Тәртіп» АҚ Алматы қаласының Алатау ауданында қоқыс сұрыптайтын кешен құрылысын бастады. 2016 жылы 5 га жер учаскесін сатып алу және тіркеу рәсімдері жүргізілді.

«Тоспа су» ЖШС мен «Kaukointernational» компаниясы арасында Алматы қаласының кәріздік тазарту құрылғыларының тұнбаларын өңдеу бойынша қоқысты өңдеу зауытының құрылыс бойынша «биогаз станциясының қуаттылығын келісу және өзара ынтымақтастығы туралы» меморандумға қол қойылды. Жобаның ТЭН-і әзірленді. Қазақстан-Неміс университетімен бірлесіп «Алматы қаласында ағынды сулардың

шөгінділеріне негізделген биогаз өндірісін эксперименттік негіздеу және оны жылу энергиясына айналдыру» жобасы бойынша зерттеу жүргізілді.

Осылайша, бүгінгі күні республикада 130-дан астам кәсіпорын қалдықтарды сұрыптап, қайта өңдеуден өткізіп, 20-дан астам өнім түрлерін: пластмасса, металл, ағаш, шыны, қағаз, резеңке үгінділері және резеңке техникалық құралдар шығарады. Кәсіпорындар санының артқаны байқалады. Сонымен мысалға, 2016 жылы шиналарды өңдеу және кәдеге жарату бойынша кәсіпорындардың саны 5-тен 13-ке дейін, ал пайдаланылған майлар бойынша 2-ден 8-ге дейін өсті. ӨКМ-нің 2017 жылдан бастап қаптамаға және ЭҚ-ға енгізілгенін ескере отырып, оларды өңдеу бойынша кәсіпорын санының артуы күтілуде.

Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнаманы жетілдіру, ӨКМ ендіру, Жол картасын жүзеге асыру қалдықтарды толықтай бөлек жинауға, сұрыптауды және өңдеуді кезеңділікпен енгізуге және 2016 жылмен салыстырғанда 2,6% -ға дейін болған ТҚҚ өңдеудің үлесін 2017 жылы 9% -ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Өнеркәсіптік қалдықтарға келетін болсақ, олардың басым бөлігі қазіргі кезде Қазақстанның индустриалды дамуына және өндірістің өсуіне байланысты қалыптасады. Қалдықтарды өндірудің негізгі көздері тау-кен және отын-энергетикалық секторлар болып табылады. Негізінен өндірістік қалдықтар қалдықтар тасталған жерлерде, шлам сақтағыштарда, әртүрлі қалдық үйінділерінде жойылады. Қайта өңделген өнеркәсіп қалдықтарының пайызы өндірілген қалдықтардың жылдық мөлшерінің шамамен 20%-ын құрайды. Алайда, өнеркәсіп кәсіпорындарының ескірген өндіріс қалдықтары қалдықтарды қайта өңдеуге, оларды жоюға және қайта өңдеуге, сондай-ақ өнеркәсіптік кәсіпорындардың кейбір шараларына қарамастан қалдықтардың көп мөлшерін қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Өнеркәсіп қалдықтарының басым бөлігі қауіпті қалдықтар ретінде жіктеледі. Өнеркәсіптік қалдықтар өнеркәсіп алаңдарында жинақталады және сақталады. Қауіпті қалдықтарды сақтау орындарының көпшілігі ескі әдістерге сәйкес жабдықталған және топырақтың, жер асты сулары мен ауаның қандай да бір қорғанысын қамтамасыз етпейді.

